

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

Балаңызбен отбасылық және ішкі мәселелерді ашық талқылаңыздар.

Отбасылық жанжалдарға балаларды араластырмаңыздар.

Баланы тыңдай, оның сұрақтарына жауап бере, оның мәселелерін талқылай білу қажет.

Оның өмірінде немқұрайлы емес, шынайы қатысу қажет.

Оған сеніңіз, кездейсоқ еркелігін кешіріңіз.

Балаларыңызға шынайы мақсаттарды қоюға және оларға қол жеткізуге ұмтылуға көмектесіңіз.

Кедергілерді жеңуге міндетті түрде жәрдемдесіңіз.

Баланың үйдегі, мектептегі және даладағы құқықтары мен міндеттерін нақты анықтай біліңіз. Бұл жерде дөрекілік емес, табандылық қажет.

Оны кемшіліктері үшін айыптамаңыз, кінәламаңыз, оны қорқыныш, жалғандық, жауласу әлеміне жолатпаңыз. (Әрекетті сынға алуға болады, бірақ адамды емес!)

Жастардың кез-келген құнды оң бастамаларын сөзбен және іспен қолдаңыз.

Ешқандай жағдайда күш қолданатын жазалауды қолданбаңыз.

Өсіп келе жатқан балаларыңызды жақсы көріңіз, қамқоршыл болыңыз және өте маңыздысы, олармен әдепті болыңыз.

Бір-біріңізді балаға билік етумен бопсаламаңыз.

Қиын сәтте жанында болатын қамқоршы, жақсы көретін адамға көп нәрсе тәуелді.

Ең бастысы, баланың дамуына көмектесіп, әсер ету нәтижесін, өз еңбегіңіздің нәтижесін ала отырып, өз баларыңызды қалай бар, солайша қабылдауға үйреніңіз.

Ата-аналарға психологиялық кеңес

1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.
2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.
6. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
7. Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.
8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.
9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.
10. Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.
11. Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.

Балада қандай жағдайларда реніш пайда болады?

Барлық сәтсіздіктерді саған артса, ренішті;

Жетістіктері байқалмаса, ренішті;

Егерде саған сенбесе, ренішті;

Сенің қолыңнан келетін істі басқа адамға тапсырса, ренішті;

Басқалары қызықты нәрсемен айналысқанда, сені жабырқаңқы,

тез болған іспен айналысуға мәжбүрлегенде, ренішті;

Түсінікті және қызықты іс машақатқа, құтыла алмайтын іске айналғанда, ренішті;

Өз шаруаларымен жүріп, сен туралы ұмытқанда, ренішті;

Сенен күмәнданса, ал сенде ақталу мүмкіндігі болмағанда, ренішті.